

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
«Мемлекеттік радиожилік қызметі» ШЖҚ РМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

1. Жалпы ережелер

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Мемлекеттік радиожилік қызметі" ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының негізінде және Үкіметтің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысымен бекітілген Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының "Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл " №4 Үлгілік базалық бағытының (бұдан әрі – ҮББ № 4) "Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу" №4 Жобалар тобының "Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту" 1-Жобасының "Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын әзірлеу және бекіту" 1-Міндетіне сәйкес әзірленді.

Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың салдарларын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың көрсетілген ережелері ықтимал болатын сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың қатаң ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шегіндегі келесі қызметі:

- 1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау және жою бойынша (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу бойынша (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес);

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне таралады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

Сыбайлас жемқорлықты жоққа шығаратын және лауазымдық міндеттерін атқару кезінде адалдық пен сатқынсыздық қағидаттарын қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 3) Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Кәсіпорын қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыру жолдары:
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын қызметкерлерге түсіндіру;
 - Кәсіпорында және өзге де мемлекеттік органдарда анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы Кәсіпорын қызметкерлерінің назарына жеткізу;
 - Кәсіпорын қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін жүргізу.
- 2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне, оның ішінде бос лауазымға орналасушы үміткерлерге біліктілік талаптарын қою;
- 3) кадр жұмысы практикасына лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы, оны жоғары лауазымға тағайындау немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс ережені енгізу;
- 4) Кәсіпорын қызметкерлеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен алаяқтық, теріс пайдалану және басқа да заңсыз іс-әрекеттер жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Кәсіпорынның біртұтас саясатын жүргізу;
- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның өзара іс-қимыл тетігін құру;
- Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға белсенді қатысуға тартуға, олардың санасында сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
- қызмет көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

Кәсіпорынның қызметкерлері Кәсіпорынның өзге қызметкері, сондай-ақ үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру фактілері туындаған және/немесе Кәсіпорын қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпараты бар жағдайда Кәсіпорын басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

Мұндай іс-әрекеттерді жасау туралы өтініштер тергеп-тексеріледі және қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдарды жауапкершілікке тартуды және хабардар етуді қоса алғанда, өзінің қисынды аяқталуына дейін жеткізілетін болады.

5. Мүдделер қақтығысын алдын алу және реттеу тәртібі

Кәсіпорын қызметкерлері келесі шаралар қабылдауға міндетті:

- 1) мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- 2) туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сәтте өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде өзге де шаралар қабылдауға.

Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілгенге дейін өзгертуден тұруы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік

Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны және осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.